

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДА ЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.01.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Қ.А.Абдуалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу
2. Жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, өзіндік есептерін жіберу
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу, институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, өзіндік есептерін жіберу, қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды:
Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу барысында біраз іс-шаралар атқарылды. Атап өтсек: 6B05247-Экология ББ бойынша 2023 жылы жаңартылғандықтан, енгізілген жаңа пәндердің мазмұны, оқытылу деңгейі, тәжірибелік базаның және лабораториядағы жасақтаудың дайындығы жан-жақты қарастырылды. Қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтерге сұраныс хаттары жазылды. 7M05223-Экология ББ-да білім алып жүрген магистранттардың зерттеу практикаларының Экология ҒЗИ-да жүргізілетіндігі және олардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері отандық және халықаралық басылымдарда шығуы оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін көрсетеді. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында жұмыс берушілерден ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Сауалнамалардың нәтижелері талқыланып, ББ-ға қанағаттану деңгейі расталып, сауалнамалар ББ құжаттар тізіліміне тіркелді.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:

Институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыруда келу уақыты ақпан айының 20-23 күндері екендігі анықталды. Осыған байланысты 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның өзіндік бағалау есептерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалып жіберілді. Өзіндік бағалауда жалпы 7 стандарт бойынша ББ-дың оқу үдерісі, ғылым, тәрбие бағыттарының жалпы жасалған жұмыстардың сипаттамасы, расталғандығы жөнінде ресми сайттардың және

құжаттардың тізілімі қоса берілген. Бұдан басқа, ОПҚ-ң қызметі барысында атқарылған жұмыстардың барлық бағыты қарастырылған.

АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к., доц.м.а. Қ.Т.Сарбаева: қаңтар айында жасалған жұмыстар өте ауқымды болды. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында еңбек нарығында түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, бэнчмаркетинг сараптамасы бойынша ББ-ң даму перспективалары жан-жақты қаралды. Жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылып, өзіндік есептері үш тілде жазылып тәуелсіз агенттігіне (БСҚА) жіберілді.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудиті өткізілсін, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілсін, институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырылып, өзіндік есептерін жіберілсін, қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:



Н.Ә.Әбдімүтәліп